



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 желтоқсандағы N 1471 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 қараша N 1531. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.09. N 19 қаулысымен. ~P010019

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ақмола қаласына көшетін мемлекеттік қызметшілерді материалдық ынталандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 желтоқсандағы N 1471

P961471\_

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қызметкердің өзіне - көшетін отбасы мүшелерін қоса алғанда, біліктілік сыныбы үшін қосымша ақы мен еңбек сіңірген жылдары үшін үстемақыны есепке ала отырып, 6 айлық лауазымдық жалақысына тең мөлшерде"

оныншы абзац алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін көшіру жөніндегі шығындардың орнын толтыру республикалық бюджетте орталық мемлекеттік органдарға көзделген жалпы сметалық қаржы есебінен жүргізілсін".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

